


ЕРТІСТЕН ЕСКЕН ТАҢ САМАЛЫ

 Айна ЕСКЕНҚЫЗЫ

Шығыс Қазақстанда тұңғыш рет 17-18 сәуір аралығында облыстағы композиторлардың шығармашылығына арналған «Ертіс самалы» атты I фестиваль өтті. Өнер додасына кәсіпқой композиторлармен қоса әуесқой сазгерлер де қатысып, бақтарын сынасты.



- Ел арасында талантты сазгерлер өте көп. Бірнеше диплом алып, оқыған композиторлардан кейде халық арасынан шыққан өнерпаздардың шығармалары үстем болып жатады, - деді облыстық мәдениет басқармасының бастығы К. Мыржықбай фестивальді ұйымдастыру жұмыстарына арналған баспасөз мәслихатында. - Біздің мақсатымыз - сондай өнерлі жандарды анықтап, олардың үлкен сахнаға шығуларына мұрындық болу.


Жобаға Өскемен, Семей қалаларынан, облыстың аудандарынан барлығы он тоғыз үміткер қатысты. Екі күнге созылған саз мерекесінде өскемендіктер симфониялық, қазақ халық аспаптары және камералық оркестрлердің қатысуымен академиялық музыка және эстрадалық музыка концертін тамашалау мүмкіндігіне ие болды.

Тұңғыш фестивальге Қазақстан Сазгерлер одағының мүшелері, танымал композитор

Артық Тоқсанбаев, белгілі музыка зерттеушісі, сыншы Юрий Аравиннің қонақ ретінде қатысулары мерекенің бағасын асырып, мерейін үстем етті.

Артық Тоқсанбаев Шәкәрім Құдайбердіұлының 150 жылдық мерейтойына арнап астаналық ақын Серік Тұрғынбекұлының сөздеріне «Жидебай түні», «Шыңғыстау табиғаты», «Шар мен Шаған арасы» атты хор концертін жазыпты.

Музыка зерттеушісі Юрий



Аравин жастарға рухани, мәдени тәрбие беру, оларды музыка әлемінің сырлы дүниелерімен сусындату мақсатында ұйымдастырған «Музыка имен» атты авторлық бағдарламасы жайлы қызықты әңгімелеп берді. Бір ғана Алматы қаласында 96 көшенің аты қандай да бір музыка әлемімен астарласып жатыр екен. Осы көшелердің бойынан түсірілген репортажда көшеге есімі берілген композитор жайлы, оның шығармашылығы

жақында бүгінгі күнмен сабақтасырыла отырып, тыңдаушыларға қызықты да тың деректер мен мағлұматтар ұсынылады.

Қазақ және әлем композиторларының шығармашылығынан сыр шертетін 27 бағдарлама күзге қарай телеарналардың бірінен көрсетілімек.

Қазақстан Сазгерлер одағы облыстық филиалының жетекшісі, жергілікті сазгер Светлана Апасованың айтуынша, фестивальге қатысушылардың

өмірбаяндары мен шығармашылықтары жайлы мәліметтер, аудио және бейне таспалар облыстық өнер мұражайының мәдени қорына енгізілімек.

СУРЕТТЕРДЕ: қазақ саз өнерін зерттеуге елеулі үлес қосып келе жатқан Юрий АРАВИН; фестивальде ерекше өнер көрсеткен Өскемендегі қазақ халық оркестрі.

Суреттерді түсірген
Е. ОРЫНБАЕВ.